

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.05.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/73930/>

ТАҚЫРЫП:ҮШ ТАҢБАЛЫ САНДЫ БІР ТАҢБАЛЫ САНҒА ЖАЗБАША БӨЛУ/ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАҒЫ ҰЛЫ МАТЕМАТИКТЕР	Мектеп: Б.Момышұлы атындағы №35 мектеп гимназиясы	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:Советхан А.	
3 ө сынып:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Оқу мақсаттары	3.1.2.10 мынадай жағдайларда: $23 \cdot 2$, $123 \cdot 2$, $46:2$, $246:2$ екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану.	
Күтілетін нәтижелер	<p>Барлық оқушылар: мынадай жағдайда:$123 \cdot 2$ үш таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту алгоритмін қолданады.</p> <p>Барлық оқушылар: мынадай жағдайда:$123 \cdot 2$ үш таңбалы санды бір таңбалы санға көбейтуді алгоритмге сәйкес түсінік береді.</p> <p>Кейбір оқушылар: мынадай жағдайда:$123 \cdot 2$ үш таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту алгоритмін түсіндіре алады.</p>	
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар: Үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу амалдарын түсіндіру. Пәндік лексика және терминология: Үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу амалдары.</p> <p>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл.</p> <p><i>Талқылау:</i></p> <p>Үш таңбалы санды бір таңбалы санға көбейтуді баған түрінде жазған ыңғайлы. Бірлікті санға көбейтіп, бірліктің астына жазады. Ондықты санға көбейтіп, ондықтың астына жазады. Жүздікті санға көбейтіп, жүздіктің астына жазады .</p> <p><i>Хат:</i></p> <p>Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейтуді баға түрінде жазыңыз, мүмкіндіктер ағашын құрыңыз.</p>	
Тірек білім, білік, дағдылар	Разрядтан аттамай екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Қоры
2 мин	Психологиялық ақуал: «Жақсы көңіл күй жан азығы» Топқа бөлу: Архимед, Пифагор, Жәутіков, Ермаков Ынталандыру. Оқушыларға бұрынғы заманның ұлы математиктері туралы әңгімелеу. Архимед фигуралардың ауданын есептеу тәсілін тапты.	Портрет
1 мин		
3 мин		

2 мин	Миға шабуыл.Қызығушылығын арттыру	Кесте
2 мин	Бейнежазба «Өзіңді тексер»	
4 мин	Үй тапсырмасын тексеру.қ.б.Бағдаршам арқылы өзін-өзі бағалау	
2 мин	Белсендіру. (Т.Ж) 1- тапсырманы топта орындайды, кесте бойынша есеп құрастырады және оны шығарады. Бұл тапсырма фигуралардың ауданын қайталауға арналған. Қ.б: Тұлпар суретімен бағалау	
5 мин	Жаңаны ашу. Жаңаны ашу үшін және мәселелі жағдайдан шығу үшін мұғалім алдымен өз ойларын айтып беру керек. Әр оқушы топ ішінде бір жазба элементінің жазылу бағытын түсіндіреді. Содан кейін оқушылар оқулықта ұсынылған үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу алгоритмімен танысады. Әр оқушы топ ішінде тізбек бойынша алгоритмнің бір пунктін түсіндіреді. Түсіндіре отырып алғашқы бекіту. 2- тапсырманы орындайды, екі таңбалы/үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу алгоритмдерімен сәйкес есептейді және өрнекті баған түрінде жазады. Бөлу алгоритмі : 1.Бірінші толымсыз бөлінгішті табу. 2.Бөліндідегі цифрлар санын анықтау. 3.Ондықтарды бөлу. 4.Бірліктерді бөлу. 5.Бөліндінің мәнін оқу. (Ө.Ж)3-тапсырманы жұппен орындайды.Жұппен орындамас бұрын бөлуді жақсы меңгерген бір оқушыны шығарып,бөлуді түсіндіреді.Қажет жағдайда оқушыға жетелеу сұрақтары қойылады. -Бірінші толымсыз бөлінгішті қалай табамыз? -Бөліндідегі цифрлар саны қанша болады? Оқушылар көрсетілген үлгі бойынша бөлуді өз бетінше орындайды.Бөлу алгоритмінің дұрыс орындалуын бақылау,көмектесу. Қ.б: Тұлпар суретімен бағалау	Дәптер, оқулық,
3 мин	Жеке оқушымен жұмыс Шығарып көр. 4- тапсырманы орындайды.Есептің берілгенімен танысқаннан кейін,қысқаша шартын құрады.Құрылған шарт арқылы есептегі амалдарды анықтайды. «Смайликтер» ,комментарий арқылы бағалау	
2 мин		
3 мин		
5 мин	Жаңаны қолдану. Тарсия әдісін пайдаланып Теңдіктер тізбегін құрастырыңдар:топтық жұмыс Оқушылар үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлуді орындайды, Қ.б: Тұлпар суретімен бағалау	Оқулық, дәптер
2 мин	Сабақты қорытындылау.	
3 мин	Үй тапсырмасы: 5 есеп,62 бет Рефлексия. Рефлексия жүргізу үшін балаларға өз біліктіліктерін мақсатымен сабақтастырады: сабақ барысында кім қолынан не келетінін түсінді: · мынадай жағдайда:246:2 үштаңбалы санды бір таңбалы санға көбейту алгоритмін қолдану; · мынадай жағдайда:246:2 үштаңбалы санды бір таңбалы санға көбейтуді алгоритмге сәйкес түсінік беру; · мынадай жағдайда:246:2 үштаңбалы санды бір таңбалы санға көбейту алгоритмін түсіндіру.	Жетістік жолағы.